

**Білім беру бағдарламаларының Ұлттық портфеліне
Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру
мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын
енгізу тәртібі мен іріктеу өлшемшарттары**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Білім беру бағдарламаларының Ұлттық портфеліне техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын енгізу тәртібі мен іріктеу өлшемшарттары (бұдан әрі – Тәртіп) Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялау жөніндегі 2025-2027 жылдарға арналған Жол картасының негізінде әзірленді (Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі, Ғылым және жоғары білім министрі және Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 6 қаңтардағы №3, №4, №6 бірлескен бұйрығының 2-тарауының 5.1-тармағы).

1.2. Іріктеуді өткізудің мақсаты - техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру (бұдан әрі – ТЖКОББ) саласындағы білім беру бағдарламаларының ТЖКОББ ұйымдары үшін үлгі бола алатын үздік тәжірибеге негізделген білім беру бағдарламаларын қамтитын Ұлттық портфелін қалыптастыру болып табылады.

1.3. ТЖКОББ білім беру бағдарламаларының Ұлттық портфелінің міндеттері:

- тиімділігі дәлелденген бағдарламаларды қолдану арқылы білім алушыларды даярлау сапасын арттыруға ықпал ету;
- қазіргі заманғы салаларда сұранысқа ие негізгі құзыреттерді дамытуға бағытталған бағдарламаларды енгізу арқылы білім беру мен экономика арасындағы байланысты нығайту;
- өңірлерге, ТЖКОББ ұйымдарына және өзге де мүдделі тараптарға дәлелденген және тиімді білім беру шешімдеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін бірыңғай навигациялық ресурс қалыптастыру;
- бағдарламаларды іріктеу және іске асыру барысында мемлекет, бизнес, кәсіби қауымдастықтар мен ТЖКОББ ұйымдары арасындағы серіктестік тетіктерін дамыту;
- ашықтық пен тиімділік қағидаттарына негізделген білім беру шешімдері мен инновациялармен алмасу мәдениетін қалыптастыру.

1.4. Үздік білім беру бағдарламаларын іріктеудің негізгі қағидаттары ашықтық, объективтілік, әділдік, өзектілік, жариялылық және қолжетімділік болып табылады.

1.5. Іріктеу ТжКОББ білім беру бағдарламаларының Тізілімінде енгізілген бағдарламалар арасынан ТжКОББ ұйымдарының өтінімдері негізінде Іріктеу комиссиясымен жүзеге асырылады.

1.6. Осы Тәртіпте келесі ұғымдар қолданылады:

1.6.1. **Білім беру бағдарламаларының Ұлттық портфелі** – ТжКОББ саласындағы ұлттық білім беру саясаты аясында әрі қарай қолдануға және таратуға үшін тізімге енгізілген үздік білім беру бағдарламаларының жүйелендірілген тізбесі.

1.6.2. **Білім беру бағдарламасы** (бұдан әрі – ББ) – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені.

1.6.3. **ББ Тізілімі** – ТжКОББ әзірлеген білім беру бағдарламасын қамтитын білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттандыру объектісі.

1.6.4. **Жұмыс органы** – ББ Ұлттық портфельге енгізу үшін іріктеуді жүргізуге жауапты «Талар» коммерциялық емес акционерлік қоғамының құрылымдық бөлімшесі.

1.6.5. **Іріктеу өлшемшарттары** – ББ үздік деп танылуы және Ұлттық портфельге енгізілуі негізінде қарастырылатын талаптар жиынтығы.

2. Іріктеу комиссиясының құрамы мен міндеттері

2.1. Іріктеу комиссиясының құрамы «Талар» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) қызметкерлері мен тәуелсіз сарапшылар қатарынан қалыптастырылады және Қоғам Президенті немесе оны алмастыратын тұлға бекітеді.

2.2. Іріктеу комиссия мүшелерінің саны Іріктеу комиссиясының төрағасын қосқанда тақ санынан және кемінде 9 (тоғыз) адамнан тұруы тиіс.

2.3. Құжаттаманы жүргізуге жауапты Іріктеу комиссиясының хатшысы Іріктеу комиссия мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге қатыспайды.

2.4. Іріктеу комиссиясының негізгі міндеттері:

2.4.1. Ұсынылған материалдардың іріктеу өлшемшарттарына сәйкестігін тексеру;

2.4.2. Іріктеуге қатысушылар арасында тең мүмкіндіктер мен адал бәсекелестікті қамтамасыз ету;

2.4.3. Іріктеу қағидаттарының сақталуын бақылау;

2.4.4. Осы Тәртіптің 1-қосымшасында көрсетілген өлшемшарттар бойынша үздік ББ іріктеу.

3. Жұмыс органы

3.1. Іріктеу жүргізуді ұйымдастыруды Жұмыс органы жүзеге асырады.

3.2. Жұмыс органы Қоғам Президентінің немесе оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен айқындалып, бекітіледі.

- 3.3. Жұмыс органы келесі міндеттер үшін жауапты:
- 3.3.1. Іріктеуді өткізу туралы ақпаратты дайындау және тарату;
- 3.3.2. ТЖКОББ білім беру ұйымдарынан өтінімдерді қабылдау және тіркеу;
- 3.3.3. Ұсынылған құжаттардың іріктеу өлшемшарттарына сәйкестігін 30 (отыз) жұмыс күні ішінде тексеру;
- 3.3.4. Осы Тәртіптің 1-қосымшасында көрсетілген өлшемшарттар бойынша алдын ала балл қою арқылы іріктеуге ұсынылатын әлеуетті ББ тізбесін қалыптастыру;
- 3.3.5. Іріктеу комиссиясының жұмысын қамтамасыз ету.

4. Іріктеуге қатысушылардың өтінімдерін қабылдау және құжаттар тізімін қарау

4.1. Іріктеуге қатысуға ниет білдірген ТЖКОББ білім беру ұйымдары осы Тәртіптің 2-қосымшасына сәйкес электрондық өтінім береді және 1-қосымшада көрсетілген құжаттар тізімін **nation.portfel@talap.edu.kz** электрондық поштасына жолдайды.

4.2. Өтінімдер мен құжаттар тізімін қабылдау Ұлттық портфельге енгізуге арналған үздік ТЖКОББ білім беру бағдарламаларын іріктеу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

4.3. Құжаттарды қабылдаудан бас тартуға негіз болуы мүмкін:

4.3.1. Іріктеуге қатысу туралы өтінімнің белгіленген мерзімнен кейін берілуі;

4.3.2. Осы Тәртіптің 1-қосымшасында және өлшемшарттарында көрсетілген құжаттар тізімінің толық емес / дұрыс емес ұсынылуы.

5. Іріктеу рәсімі

5.1. Үздік ББ іріктеу осы Тәртіптің 1-қосымшасында белгіленген өлшемшарттар негізінде Жұмыс органы ұсынған әлеуетті бағдарламалар тізімінен Іріктеу комиссиясымен жүзеге асырылады.

5.2. Іріктеу комиссиясы ББ жинаған балдардың дұрыстығын тексереді және егер бағдарлама 50 және одан да көп балл жинаған болса, оны Ұлттық портфельге енгізу туралы шешім қабылдайды.

5.3. Іріктеу өткізу барысында Іріктеу комиссиясының отырысына оның мүшелерінің кемінде 3/2 бөлігі қатысқан жағдайда Іріктеу комиссиясының шешімі жарамды деп есептеледі.

5.4. Іріктеу қорытындылары Іріктеу комиссиясы отырысының хаттамасымен бекітіледі.

5.5. Ұлттық портфельге енгізуге арналған үздік ББ тізбесін бекіту туралы Қоғам бұйрығын шығару үшін негіз Іріктеу комиссиясының шешімі болып табылады.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Осы Тәртіппен реттелмеген мәселелер Қоғамның бекітілген нормативтік актілеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Іріктеу комиссиясымен шешіледі.

6.2. Осы Тәртіп Қоғам Президенті немесе оның орнына өкілеттік ететін тұлға бекіткен сәттен бастап күшіне енеді.

6.3. Осы Тәртіпке өзгерістер мен толықтырулар Қоғам Президентінің немесе оның орнына өкілеттік ететін тұлғаның бұйрығымен енгізіледі.

Білім беру бағдарламаларын Ұлттық портфельге енгізу бойынша іріктеу өлшемшарттары

№	Өлшемшарттар	Сипаттама	Растайтын құжат	Баллдар
I. Бағдарламаны іске асыру шарттары				
1.	Бағдарламаны іске асыруды материалдық-техникалық қамтамасыз ету	Ұсынылған ББ бойынша 2020 жылдан бергі заманауи жабдықпен жабдықталған мамандандырылған зертханалар, шеберханалар, кабинеттер	Тиісті құжаттамамен, фото-, бейнематериалдармен расталған материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер (3-қосымша)	иә – 5 балл жоқ – 0 балл
2.	Білім беру процесіне цифрлық құралдарды енгізу	ББ іске асыру барысында колледж әзірлеген ЖИ-агенттерді, LMS-жүйелерді, VR/AR және т. б. пайдалану	ЖИ-агентін орналастыра отырып, колледждің Интернет - ресурсына, LMS-ке, онлайн-курстарға, виртуалды зертханаларға, VR/AR пайдалана отырып, сабақтардың бейнежазбаларына сілтеме (4-қосымша)	ЖИ-агентінің болуы – 5 балл, LMS, онлайн курстардың болуы - 1 балл, VR/AR пайдалану арқылы виртуалды зертханалардың, сабақтардың болуы - 1 балл
II. Кадрлық қамтамасыз ету				
3.	Педагогикалық құрамның сапалық деңгейі	Ұсынылған ББ бойынша педагог-шебер, педагог-зерттеуші, PhD ғылыми дәрежесі, бейіні бойынша доктор, ғылым кандидаты біліктілік санаты бар педагогтардың үлесі (ЖБП бойынша педагогтерді есептегенде)	Тарификациялық тізімге сәйкес кадрмен қамтамасыз ету туралы мәліметтер (5-қосымша), біліктілік санатын беру (растау) туралы куәлік/бұйрық, диплом немесе ғылыми дәреже беру туралы нострификация	1%-20% - 1 балл 21%-40% - 3 балл 41% және одан жоғары - 5 балл PhD ғылыми дәрежесі бар педагогтердің, бейіні бойынша доктор, ғылым кандидатының болуы - 2 балл

			куәлігі	
4.	Өндірістік саладан оқытушы - практиктерді тарту	Соңғы 3 жылда мамандық бейініне сәйкес өндірісте жұмыс істейтін немесе бұрын жұмыс істеген оқытушылардың болуы	Тарификациялық тізімге сәйкес кадрлық қамтамасыз ету туралы мәліметтер (5-қосымша), өндірістен оқытушылардың еңбек кітапшасы	иә – 3 балл жоқ – 0 балл
5.	Педагогтердің сараптамалық және әдістемелік қызметі	ТжКОББ ББ тізіліміне енгізу үшін ББ сараптамасы бойынша сарапшылар, РӨОК жанындағы Сараптама кеңесі мүшелері, WorldSkills республикалық және халықаралық чемпионатының сарапшылары, соңғы 3 жылда «Talar» КЕАҚ штаттан тыс жаттықтырушылар ы болып табылатын республикалық деңгейдегі жұмыс және/немесе сараптама топтарға қатысатын педагогтердің болуы	Бұйрықтар, хаттар, бұйрықтан үзінді көшірмелер/ «Talar» КЕАҚ анықтамасы	иә – 5 балл жоқ – 0 балл

6.	Педагогтердің халықаралық академиялық ұтқырлығын іске асыру	Соңғы 3 жылда мамандық бейіні бойынша халықаралық деңгейде тағылымдамаларға , тәжірибе алмасуларға, оқу сапарларына педагогтердің қатысуы	Академиялық бағдарламаларға қатысу сертификаттары, тағылымдамаға жіберу туралы іссапар бұйрықтары, алмасу бағдарламалары, оқу сапарлары	иә – 5 балл жоқ – 0 балл
III. Бағдарламаны іске асырудың нәтижелілігі				
7.	Студенттердің республикалық және халықаралық деңгейдегі конкурстық іс-шаралардағы жетістіктері	Соңғы 3 жылда білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес кәсіптік конкурстарда, олимпиадаларда, жарыстарда студенттердің жүлделі орындарының болуы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығы)	Жүлделі орындар үшін дипломдар, грамоталар	жоқ - 0 балл 1-20 диплом/ грамота - 1 балл 21-50 диплом/ грамота - 3 балл 51 және одан көп дипломдар/ грамота - 5 балл
8.	Студенттерді/түл екерді сертификаттау	Соңғы 3 жылда бренд өндіруші немесе халықаралық салалық сертификаттау орталығы тарапынан сертификатталған студенттер/түлектердің болуы	Сертификаттар	жоқ – 0 балл 1-5 сертификат – 1 балл 6-10 сертификат – 3 балл 11 және одан көп сертификат – 5 балл
9.	Студенттердің халықаралық академиялық ұтқырлығын іске асыру	Соңғы 3 жылда студенттердің республикалық және халықаралық деңгейлердегі академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысуы	Академиялық бағдарламаларға қатысу сертификаттары, студенттерді тағылымдамаға жіберу туралы бұйрықтар, тәжірибе алмасу бағдарламалары	иә – 5 балл жоқ – 0 балл

10.	Түлектерді алған мамандығы бойынша жұмысқа орналастыру	Соңғы 3 жылда мамандығы бойынша жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі	Жұмыс орнынан анықтамалар, ЗТМО деректері	жоқ - 0 балл 1%-20% – 1 балл 21%-50% – 3 балл 51% және одан жоғары – 5 балл
IV. Бағдарламаны әзірлеуге және іске асыруға жұмыс берушілердің қатысуы				
11.	Салалық жұмыс берушілер мен қауымдастық өкілдерінің ББ әзірлеуге қатысуы	Ұсынылған ББ әзірлеу процесінде қауымдастықтар атынан өкілдік ететін және/немесе кәсіби стандарттарды әзірлеуге қатысқан жұмыс берушілердің қатысуы	Бұйрықтар, келісімдер, сертификаттар, хаттамалар, хаттар	иә – 3 балл жоқ – 0 балл
12.	Нысаналы тапсырыс аясында ББ іске асыру	Ұсынылған ББ бойынша кәсіпорындармен немесе қауымдастықтармен шарттар бойынша оқитын студенттердің үлесі	Нысаналы қабылдау туралы шарттар, бұйрықтар	жоқ - 0 балл 1%-20% – 1 балл 21%-50% – 3 балл 51% және одан жоғары – 5 балл
VI. ЖОО бағдарламаларымен сабақтастық және интеграция				
13.	ББ мазмұнын даярлау бағыты бойынша жоғары білім беру бағдарламаларымен синхрондау	Ұсынылған ББ бейінді ЖОО бағдарламасымен біріктірілген болуы	Келісілген ББ, серіктестік туралы меморандум/шарт	иә – 5 балл жоқ – 0 балл
Барлығы балл саны				65

Ескерту:

1. Ақпарат тек ұсынылған ББ мамандығы бойынша беріледі.
2. Әр өлшемшарт бойынша растайтын құжаттарды колледж өлшемшарт атауы бар жеке папкаға қалыптастырады.
3. Барлық ақпарат ТжКОББ ұйымы басшысының қолтаңбасымен және мөрімен куәландырылады.
4. Ұсынылған ақпараттың дұрыстығына ТжКОББ ұйымының басшысы дербес жауапты болады.

Білім беру бағдарламасын Ұлттық портфельге енгізу туралы өтінім

(білім беру ұйымының атауы)

Ұлттық портфельге енгізу үшін

мамандығы

(код, атауы)

біліктілігі бойынша

(код, атауы)

білім беру бағдарламасының ID _____

білім беру бағдарламасын жолдайды.

Басшы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

М.О.

Ұялы телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

**Білім беру бағдарламасын іске асыруды
материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер**

(білім беру ұйымының атауы)

мамандығы _____

(код, атауы)

біліктілігі(тері) _____

(код, атауы)

Мамандандырылған жабдықталған кабинеттің болуы	Мамандандырылған жабдықталған зертхананың болуы	Мамандандырылған жабдықталған шеберхананың болуы	Заманауи жабдықтардың болуы	Растайтын құжаттамаға, фото -, бейнематериалдарға сілтеме

Ескерту: 2020 жылдан кеш емес.

Басшы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

М.О.

Білім беру бағдарламасын іске асыру кезінде цифрлық құралдарды пайдалану туралы мәліметтер

(білім беру ұйымының атауы)

мамандығы _____

(код, атауы)

біліктілігі(тері) _____

(код, атауы)

Колледж әзірлеген ЖИ- агенттердің болуы	Колледж әзірлеген LMS- жүйелерінің болуы	Колледж әзірлеген виртуалды зертханалардың болуы	VR/AR көмегімен сабақтардың болуы	ЖИ-агентін орналастыра отырып, колледждің Интернет - ресурсына, LMS- ке, онлайн- курстарға, виртуалды зертханаларға, VR/AR пайдалана отырып, сабақтардың бейнежазбаларын а сілтеме

Басшы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

М.О.

Тарификациялық тізімге сәйкес кадрлық қамтамасыз ету туралы мәліметтер

(білім беру ұйымының атауы)

мамандығы _____

(код, атауы)

біліктілігі(тері) _____

(код, атауы)

№ р/р	Тегі, аты, әкесінің аты	Штат кестесі бойынша лауазымы	Білімі	Диплом бойынша мамандығы және біліктілігі

Оқытылатын пән немесе модуль	Санаты	Ғылыми дәрежесі	Өндірістен тарту (жыл)

Басшы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

М.О.

Согласовано

07.11.2025 13:39 Манкетегі Бауржан Қазбекұлы

07.11.2025 18:18 Биекова Бакитжан Умитбековна

Подписано

07.11.2025 18:52 Татибеков Санжар Меирханович



Тип документа	Приказ по ОД
Номер и дата документа	№ 377 от 10.11.2025 г.
Организация/отправитель	ӘМІР Қ.Қ.
Получатель (-и)	БЕРІК Л.Н. (ГЛАВНЫЙ МЕНЕДЖЕР 2 УРОВНЯ)
Электронные цифровые подписи документа	 Согласовано: Манкетегі Бауржан Қазбекұлы без ЭЦП Тип: нет Время подписи: 07.11.2025 13:39
	 Согласовано: Биекова Бакитжан Умитбековна без ЭЦП Тип: нет Время подписи: 07.11.2025 18:18
	 "Талар" коммерциялық емес акционерлік қоғамы Подписано: ТАТИБЕКОВ САНЖАР MIIVpAYJ...Vcl7DyG13 Тип: НУЦ Время подписи: 07.11.2025 18:52

[[QRCODE]]

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверяемый посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-П «Об электронном документе и электронной цифровой подписи»,
удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего
полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на
бумажном носителе.

Согласовано

12.11.2025 16:01 Әмір Қымбат Қайркенқызы

12.11.2025 17:18 Биекова Бакитжан Умитбековна

Подписано

13.11.2025 10:25 Татибеков Санжар Меирханович